	ҚР ҚДЖК 50-б . 1-б. 2-т. бойынша		10		
	ҚР ҚДЖК 50-б . 1-б. 3-т. бойынша		11		
	ҚР ҚДЖК 50-б . 1-б. 4-т. бойынша		12		
	ҚР ҚДЖК 50-б . 1-б. 5-т. бойынша		13		
	ҚР ҚДЖК 50-б . 1-б. 6-т. бойынша		14		
	ҚР ҚДЖК 50-б . 1-б. 7-т. бойынша		15		
	ҚР ҚДЖК 50-б . 1-б. 8-т. бойынша		16		
	ҚР ҚДЖК 50-б . 1-б. 9-т. бойынша		17		
Бір өндіріске біріктірілгені			18		
Тергеуге алынғандығына қарай жіберілген істер			19		

комитеті, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы), Төтенше жағдайлар министрлігі, прокуратура және Әділет министрлігі органдары аталған статистиканың субъектілері болып т а б ы л а д ы .

3. Осы есеп Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2005 жылғы 17 маусымдағы № 27 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3704 санымен тіркелген) бекітілген "Қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламаларды, қылмыстық істерді, олардың тергелу және сотта қаралу нәтижелерін бірыңғай карточкалық есепке алу негізінде жүргізу жөніндегі Нұсқаулықтың (Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе)" талаптарына сәйкес құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерімен толтырылып, ұсынылатын ақпараттық есепке алу құжаттарының (АЕҚ) негізінде қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

Ескерту: Кестелерді есептеу Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық басқармаларына АЕҚ келіп түскен күні бойынша іске а с ы р ы л а д ы .

4. Облыс бойынша жинақталған ведомствоаралық есеп осы аймақтың қылмыстық қудалау органдарының есептерінен тұрады.

5. Есепті құру кезінде жекелеген көрсеткіштердің арасындағы қисынды а р а қ а т ы н а с с а қ т а л у қ а ж е т .

6. Жинақталған есепті және әрбір субъект бойынша есептерді ұсыну олардың арасындағы қисынды арақатынастың тексерілуін қамтамасыз ету үшін бір уақытта жүргізілуі қажет. Комитеттің аумақтық басқармаларының бастықтары есептердің жүргізілуін бақылап отыруға және есептің бұрмалануын жою бойынша қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

Есеп Комитетке модемдік байланыспен келіп түскеннен кейін оған түзету енгізу "Статистикалық мәліметтерге түзету енгізу ережелерін" бекіту және қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2000 жылғы 10 қазандағы № 55 бұйрығына (бұдан әрі – ҚР БП № 55 бұйрығы) сәйкес р ұ қ с а т е т і л е д і .

7. Есептер іс жүргізудің қолданыстағы талаптарына сәйкес тіркеледі, қайта ж о л д а н а д ы ж әне с а қ т а л а д ы .

8. Барлық есептер Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының тиісті бұйрықтарымен бекітілген нысандағы бланкілерде құрылады.

2. Есептің ұсынылу мерзімдері

9. Есептік кезеңдегі алғашқы есепке алу құжаттарын қабылдап, өндегеннен кейін аумақтық басқармалар есептік кезеңнен кейінгі айдың 4 күніне бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйенің автоматтандырылған деректер банкінен (ББСЖ АДБ) деректерді жөнелтуді жүзеге асырады.

10. "(Oracle) ББСЖ" автоматтандырылған жүйедегі деректерді конверттеуден кейін есептік кезеңнен кейінгі айдың 5 күніне Комитеттің жауапты қызметкерлері "Ugstat" автоматтандырылған жүйедегі деректермен салыстыру жүргізеді.

11. Комитеттің жауапты қызметкерлері мұқият салыстыру жүргізгеннен кейін есептік кезеңнен кейінгі айдың 8 күніне есептік кезеңге арналған статистикалық кесімді растайды. Бекітілген статистикалық кесімге қандай да бір түзетулер енгізуге тыйым салынады.

12. Комитет әрбір қылмыстық қудалау органы бойынша есепті есептік кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне, ал олардың алдын-ала жасалған мәліметтерін есептік кезеңнен кейінгі айдың 8 күніне тиісті органдарға ұсынады.

13. Комитеттің аумақтық басқармасының бастығы қол қойған есептің данасы тоқсан сайын қол қойылған күннен бастап 5 күннің ішінде Комитетке жіберіледі.

14. Түпнұсқалар мен Комитет қалыптастырған мәліметтердің арасында сәйкессіздік анықталған жағдайда бекітілген статистикалық кесім бойынша алынған есептің мәліметтері негізге алынады.

3. Есептің 1-10-кестелерінің құрылымы және оларды қалыптастыру (тергеу органдарының жұмысы) "Тергеу бөлімшелерінің негізгі көрсеткіштері" 1-кестесі

15. Осы кесте тергеу бөлімшелері органдарының қылмыстық істерді тергеу бойынша жұмысының негізгі көрсеткіштерін бейнелейді. Кесте 2 бағаннан және 30 жолдан тұрады.

16. 1-бағанда үдемелі қорытындымен (қайталанғандарды қосқанда) есептік кезеңде, 2-бағанда ағымдағы айда жасалған жұмыстың көрсеткіштері көрсетіледі.

17. 1-жолда есептік кезеңнің басында өндірісте бар аяқталмаған істердің қалдығы ескеріледі, ол ҚР БП № 55 бұйрығына сәйкес түзету жағдайларын қоспағанда өзгеріссіз қалдырылады.

18. 2-жолда есептік кезеңде өндіріске қабылданған істер туралы мәліметтер бейнеленеді (соның ішінде екі және одан да көп рет). 2-жолдың көрсеткіші "тергеу органдарының өзімен қозғалғаны" 3-жолдың және "осы ведомствоның анықтау органынан келіп түскені" 4-жолдың сомаларынан тұрады. 4-жолдан

алынған 5-жолда 30 күннен астам және Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚІЖК) 288-бабы 1-бөлігінің тәртібінде 2 айдан астам тергеу мерзімдерін бұзу арқылы келіп түскен істер ерекшеленеді.

19. 6-жолда тергеуге алынғандығына қарай басқа да органдардан келіп түскен істер ескеріледі. 6-жолдан алынған 7-жолда тергеуге алынғандығына қарай басқа органдардан белгіленген тергеу мерзімдерін бұзу арқылы келіп түскен (анықтау органдары үшін 30 күннен астам, соның ішінде ҚР ҚІЖК 288-бабы 2-бөлігінің және 289-бабы 2-бөлігінің тәртібінде алдын ала тергеу тағайындалған анықтау істері бойынша және тергеу органдары үшін 2 айдан астам, соның ішінде ҚР ҚІЖК 288-бабы 1-бөлігінің тәртібінде анықтау істері бойынша тергеу) қылмыстық істер ерекшеленеді.

20. 8-жолда бұрын біріктірілгендердің ішінен жеке өндіріске бөлінген, 9-жолда қосымша тергеуге қайтарылған, соның ішінен 10-жолда сотпен, 11-жолда прокурормен қосымша тергеуге қайтарылған қылмыстық істер ескеріледі. 12-жолда жаңадан айыптау қорытындысын құру үшін қайтарылған, 13-жолда өндіріспен жаңартылған қылмыстық істер, сондай-ақ өндіріске қабылданған басқа да (мысалы, ҚР ҚІЖК 37-бабы 5-бөлігінің тәртібінде жаңа фактімен талап етілген) жағдайлар бейнеленеді.

Барлық сатыдағы соттармен және прокурормен қосымша тергеуге қайтарылған қылмыстық істерді есепке алу (9-11-жолдар) 1.1 нысанды АЕҚ негізінде, яғни қылмыстық қудалау органының істерді өз өндірісіне қабылдағанынан кейін жүргізіледі. 11-жолда прокурор тергеуге алынған істерді өзгерту арқылы қосымша тергеуге қайтару туралы шешім қабылдаған істер е с е п к е а л у ғ а ж а т а д ы .

21. 13-жолдан алынған 14 және 15-жолдарда қысқартылғандар мен тоқтатылғандардың ішінен тиісінше қайта жаңартылған қылмыстық істер ескеріледі (аталған жолдарды есепке алу 1.1 нысанды АЕҚ негізінде, яғни қылмыстық қудалау органының істерді өз өндірісіне қабылдағанынан кейін жү р г і з і л е д і) .

22. 16-жолда өндірісте бар істердің жалпы саны бейнеленеді, ол есептік кезеңнің басындағы аяқталмаған істердің қалдығынан және осы есептік кезеңде өндіріске қабылданған істерден жинақталады (1 және 2-жолдардың сомасы).

23. Қылмыстық істерді қозғау туралы күші жойылған қаулылар 17-жолда бейнеленеді, солардың ішінен 18-жолда өткен жылдары қозғалған қылмыстық істер ерекшеленеді. 19-жолда ҚР ҚІЖК 192 және 193-баптарының тәртібінде тергеуге алынғандығына қарай жіберілген істер бейнеленеді. Өндірісте бар істердің ішінен есептік кезеңде біріктірілген қылмыстық істер 20-жолда көрсетіледі. 21-жолда есептік кезеңде өндіріспен тоқтатылған қылмыстық істер б е й н е л е н е д і .

24. Есептік кезеңде аяқталған қылмыстық істер 22-жолда, соның ішінде 23-жолда негізгі қылмыстық істерге біріктірілген аяқталған эпизодтардың саны көрсетіледі. 22-жолдан алынған келесі жолдарда мынадай ұстанымдар ерекшеленеді: 24-жолда ҚР ҚІЖК 280-б . тәртібінде прокурорға жіберілген, 25-жолда ҚР ҚІЖК 514-бабының тәртібінде прокурорға жіберілген, 26-жолда қысқартылған, соның ішінде 27-жолда ақтайтын негіздер бойынша қысқартылған қылмыстық істер ерекшеленеді.

25. Бұрын есепте болмаған, бірақ тергеу барысында анықталған қылмыстар 28-жолда бейнеленеді. ҚР ҚІЖК 50-бабы 1-бөлігінің 1-тармағы бойынша бұрын тоқтатылғандардың ішінен аяқталған істер 29-жолда ерекшеленеді. Осы жолда тек тергеу жолымен анықталған қылмыстар ескеріледі.

26. Есептік кезеңнің аяғындағы аяқталмаған қылмыстық істердің қалдығы 30-жолда ескеріледі.

"Тергеу бөлімшелерінің қылмыстық істерді қозғау сатысындағы көрсеткіштері" 2-кестесі

27. Аталған кесте тергеу органдарының қылмыстық істі қозғау сатысындағы іс жүргізу әрекеттерін бейнелейді және 3 баған мен 38-жолдан тұрады.

28. 1 және 2-бағандар 1-кестенің бағандарына ұқсас қалыптастырылады. 3-баған 1-бағаннан шығады, ол өткен жылдары қозғалған және ағымдағы есептік кезеңде олар бойынша шешімдер қабылданған барлық қылмыстық істерді бейнелейді.

29. 1-жолда қылмыстық істі қозғау туралы, солардың ішінен 2-жолда қосымша тексеру жүргізу үшін, 3-жолда қылмыстық істі қозғаудан бас тарту арқылы және 4-жолда қылмыстық істі қысқарту арқылы күші жойылған қаулылар көрсетіледі. 2-4-жолдардың сомасы 1-жолға тең болуы қажет.

30. 1-жолдан алынған 5-жолда тергеу органының өзінің өтініші бойынша прокурормен күші жойылған қаулылар ерекшеленеді.

31. Жасырылған деп есепке қойылған қылмыстар туралы қозғалған қылмыстық істердің саны 6-жолда көрсетіледі. 7-жолда органның өзімен жасырылған қылмыстардың ішінен қозғалған қылмыстық істер бейнеленеді.

Қылмыстарды жасыру тәсілдері мынадай жолдардан көрінеді: 8-жолда қылмыс туралы өтініш пен хабарламаны тіркеуден жасыру, 9-жолда ҚР ҚІЖК нормаларымен көзделген мерзімдердің уақытын кешіктіріп шешім қабылдау, 10-жолда әкімшілік іс жүргізуді негізсіз қозғау, 11-жолда жеке айыптау істері жөніндегі сотқа материалдарды заңсыз беру, 12-жолда ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы заңсыз қаулы шығару, 13-жолда ақтайтын негіздер бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы

заңсыз қаулы шығару, 14-жолда ҚР ҚІЖК 49-бабының 3-бөлігін бұзу, 15-жолда басқалары бейнеленеді. 7-15-жолдардың сомасы 6-жолға тең болуы қажет.

32. Жасырылған қылмыстардың тергелу нәтижелері мынадай жолдарда бейнеленеді: 16-жолда ҚР ҚІЖК 280-бабының тәртібінде прокурорға жіберілгені, 17-жолда ҚР ҚІЖК 284 және 514-баптарының тәртібінде прокурормен сотқа жіберілгені, 18-жолда ақтайтын негіздер бойынша қысқартылғаны, 19-жолда ақтамайтын негіздер бойынша қысқартылғаны, 20-жолда тоқтатылғаны көрсетіледі.

Аталған жолдардағы мәліметтер қылмыстар бойынша және соңғы іс жүзінде қабылданған шешім бойынша ескеріледі. Егер бастапқыда іс бойынша шешім тергеу органдарымен, ал түпкілікті шешім анықтау органдарымен қабылданған болса, ол түпкілікті шешімді қабылдаған органда есепке алынады.

33. 6-жолдан алынған 21, 27, 33-жолдарда прокурормен, құқықтық статистиканың қызметкерімен және ведомствоның өзімен анықталған жасырылған қылмыстар ескеріледі, ал 22-26, 28-32 және 34-38-жолдарда олардың тергелу нәтижелері ерекшеленеді.

22-26, 28-32 және 34-38-жолдардың тиісті көрсеткіштерінің сомасы тиісінше 16, 17, 18, 19 және 20-жолдардан артық немесе соларға тең болуы қажет (мысалы : 23 + 29 + 35-жолдардың сомасы 17-жолдан артық немесе соған тең).

"Тергеу бөлімшелерінің тоқтатылған қылмыстық істер бойынша көрсеткіштері" 3-кестесі

34. Көрсетілген кесте тоқтатылған қылмыстық істер бойынша мәліметтерді бейнелейді және 3 баған мен 53-жолдан тұрады.

35. 1 және 2-бағандар 1-кестенің бағандарына ұқсас қалыптастырылады. 3-баған 1-бағаннан шығады және өткен жылдары тоқтатылған және олар бойынша ағымдағы есептік кезеңде тоқтату туралы шешім қабылданған қылмыстық істердің барлығын бейнелейді. Егер өткен жылдары қылмыстық іс бір органмен тоқтатылған болса, ал ағымдағы есептік кезеңде басқа органмен тоқтатылса, ағымдағы есептік кезеңде тоқтатқан органның есебінде саналады. Егер өткен жылы қылмыстық істен эпизод бөлініп алынып, ал осы жылы осы эпизод біріктірілген болса, сонымен қатар іс ретінде тоқтатылған болса, ол 3-бағанда ескерілмейді.

36. 1-жолда ҚР ҚІЖК 50-бабының тәртібінде тоқтатылған қылмыстық істер бейнеленеді, олар 2-10-жолдарда бейнеленген негіздер бойынша бөлініп жазылады.

37. 11-жолда бұрын тоқтатылған істердің ішінен қайта жаңартылған қылмыстық істердің барлығы, соның ішінде 12-20-жолдарда бейнеленген

негіздер бойынша бөлініп жазылған прокурордың тоқтату туралы қаулысының күші жойылғаннан кейінгі қылмыстық істер ескеріледі.

38. 21-жолда прокурормен, соның ішінде 22-жолда тергеу органының өзінің өтініші бойынша күші жойылған қылмыстық істі тоқтату туралы қаулылардың саны бейнеленеді. 21-жолдан алынған 23-жолда бір ғана қылмыстық іс бойынша прокурордың қайталап күшін жойған қылмыстық істері бейнеленеді. Бір қылмыстық іс бойынша тоқтату туралы қаулының күшін жою туралы қаулыны қайта шығару кезінде ол осы қаулының бастапқыда қашан және қай органда шығарылғанына байланыссыз қайталап күші жойылғандар деген 23-жолда ескеріледі (яғни мұндай жағдайда қайталаушылық тек қылмыстық іске қатысты б о л а д ы) .

39. Қылмыстық істі тоқтату туралы прокурормен күші жойылған қаулылар бойынша қабылданған іс жүргізу шешімдері, яғни қылмыстық істі тоқтату туралы 24-жолда, қылмыстық істі қысқарту туралы 25-жолда, соның ішінде ақтайтын негіздер бойынша 26-жолда, ҚР ҚІЖК 280-бабының тәртібінде прокурорға жіберу туралы 27-жолда, ҚР ҚІЖК 284 және 514-баптарының тәртібінде прокурормен сотқа жіберу туралы 28-жолда, басқа қылмыстық істермен біріктіру туралы 29-жолда, тергеуге алынғандығына қарай жіберу туралы 30-жолда көрсетіледі (іс бойынша соңғы іс жүзіндегі шешім, яғни есепті құру кезіндегі осы қылмыстық іс бойынша шешім ескеріледі).

31-жолда 32-35-жолдарға бөліп жазу арқылы тоқтату туралы қаулылардың күші жойылған және олар бойынша есепті құру кезінде өндірістің нақты мерзімін көрсету арқылы түпкілікті іс жүргізу шешімі қабылданбаған қылмыстық істердің с а н ы е с к е р і л е д і .

32, 33, 34, 35-жолдардың сомасы 31-жолға тең болуы қажет.

24-35-жолдардың көрсеткіштері есептік кезеңнің аяғындағы соңғы қабылданған іс жүргізу шешімі бойынша қалыптастырылады.

40. 36-жолда бұрын тоқтатылған істердің ішінен қылмыстық қудалау органының өзімен қайта жаңартылған қылмыстық істер бейнеленеді. 37-43-жолдарда бұрын тоқтатылғандардың ішінен қайта жаңартылған қылмыстық істер бойынша қабылданған іс жүргізу шешімдері бейнеленеді (жаңарту туралы шешімнің қашан қабылданғанына байланыссыз): қылмыстық істі тоқтату туралы 37-жолда, қылмыстық істі қысқарту туралы 38-жолда, соның ішінде ақтайтын негіздер бойынша 39-жолда, ҚР ҚІЖК 280-бабының тәртібінде прокурорға жіберу туралы 40-жолда, ҚР ҚІЖК 284 және 514-баптарының тәртібінде прокурормен сотқа жіберу туралы 41-жолда, басқа қылмыстық істермен біріктіру туралы 42-жолда, тергеуге алынғандығына қарай жіберу туралы 43-жолда к ө р с е т і л е д і .

41. 44-жолда 2008 жылдан бастап тоқтатылған қылмыстық істердің қалдығы,

яғни 2008 жылы тоқтату туралы шешім қабылданған барлық қылмыстық істер ескеріледі 45-53-жолдарда тоқтату негіздері бойынша бөліп жазу арқылы есептік к е з е ң д е .

(егер тоқтатылған іс бойынша өндіріс қайта жаңартылса, ол өндіріске қабылданған ретінде бейнеленеді, ал осы жолдан қылмыстық іс бойынша өндірісті қайта жаңарту кезінен алынып тасталады)

24-30, 37-43-жолдардың көрсеткіштері соңғы қабылданған шешім бойынша ескеріледі, яғни егер бастапқыда қайта жаңартылған немесе күші жойылған қылмыстық іс бойынша қысқарту туралы шешім қабылданған болса, ол 25-жолда бейнеленеді. Егер қысқарту туралы қаулының кейіннен күші жойылып, іс сотқа жіберілген болса, ол 28-жолға ауыстырылып, 25-жолдан алынып тасталады, сондай-ақ егер іс өндірісте деп ескерілсе, ол аталған жолдардан алынып тасталады.

"Тергеу бөлімшелерінің ҚР ҚІЖК 280 және 514-баптарының тәртібінде прокурорға жіберген қылмыстық істері бойынша көрсеткіштері" 4-кестесі

42. Осы кесте айыптау қорытындысымен прокурорға жіберілген қылмыстық істер және олар бойынша прокурордың қабылдаған шешімдері жөніндегі мәліметтерді бейнелейді және 2 бағаннан және 29 жолдан тұрады.

43. 1 және 2-бағандар 1-кестенің бағандарына ұқсас қалыптастырылады.

44. 1-жолда ҚР ҚІЖК 280 және 514-баптарының тәртібінде прокурорға жіберілген қылмыстық істердің жалпы саны бейнеленеді, соның ішіндегі 2-жолда қайта қабылданған шешімдерді қоспағандағы қылмыстық істер көрінеді.

45. 1-жолдан алынған 3-жолда прокурорға жіберілген айыптау қорытындысы бар және 4-жолда медициналық сипаттағы шараларды қолдану туралы қаулысы б а р і с т е р е с к е р і л е д і .

46. 1-жолдан алынған 5-жолда ҚР ҚІЖК 280 және 514-баптарының тәртібінде прокурорға жіберілген негізгі істерге біріктірілген эпизодтардың саны к ө р с е т і л е д і .

47. 6-жолда прокурормен қосымша тергеуге жіберілген істердің саны (есепке алу 3.0 нысанды АЕҚ бойынша жүргізіледі), солардың ішінен 7-жолда басқа органға тергеуді тапсыру арқылы прокурормен қосымша тергеуге жіберілген қылмыстық істердің саны бейнеленеді. 8-14-жолдарда қосымша тергеудің нәтижелері ескеріледі: прокурорға айыптау қорытындысымен жіберілгені 8-жолда, ҚР ҚІЖК 284 және 514-баптарының тәртібінде прокурормен сотқа жіберілгені 9-жолда, қысқартылғаны 10-жолда, соның ішінде ақтайтын негіздер бойынша қысқартылған қылмыстық істер 11-жолда, тоқтатылғаны 12-жолда, басқа қылмыстық іспен біріктірілгені 13-жолда, тергеуге алынғандығына қарай

жіберілгені 14-жолда көрсетіледі.

11-жол 10-жолдан төмен немесе оған тең болуы қажет.

48. 15-жолда жаңадан айыптау қорытындысын құру үшін прокурормен қайтарылған қылмыстық істердің саны, 16-жолда сотқа жіберілген қылмыстық істердің саны бейнеленеді.

49. 17-жолда сотпен қосымша тергеуге жіберілген істердің саны (есепке алу 3.0 нысанды АЕҚ бойынша жүргізіледі), солар бойынша қабылданған іс жүргізу шешімдерін мынадай жолдарда көрсету арқылы ескеріледі: ҚР ҚІЖК 514-бабының тәртібінде прокурорға айыптау қорытындысымен жіберілгені 18-жолда, ҚР ҚІЖК 284 және 514-баптарының тәртібінде прокурормен сотқа жіберілгені 19-жолда, қысқартылғаны 20-жолда, соның ішінде ақтайтын негіздер бойынша 21-жолда, тоқтатылғаны 22-жолда, басқа қылмыстық іспен біріктірілгені 23-жолда, тергеуге алынғандығына қарай жіберілгені 24-жолда көрсетіледі.

50. 8-14, 18-24-жолдарда бейнеленген істерді есепке алу соңғы қабылданған іс жүзіндегі шешімдер бойынша, есептік кезеңнің аяғындағы қабылданған жүргізіледі, яғни есептің құрылу кезіндегі аталған қылмыстық іс бойынша нақты ш е ш і м і .

51. 25-жолда тергеу мерзімдері өтіп кеткен, ал іс бойынша шешім қабылданбаған прокурормен немесе сотпен қосымша тергеуге қайтарылған қылмыстық істердің саны бейнеленеді, олар мынадай жолдарға бөлініп жазылады: 26-жолда 2 айдан астам, бірақ 3 айдан артық емес, 27-жолда 3 айдан астам, бірақ 6 айдан артық емес, 28-жолда 6 айдан астам, бірақ 9 айдан артық емес, 29-жолда 9 айдан астам.

Есепке алу қылмыстық істі қосымша тергеуге жіберу кезінен, істі өндіріске қабылдау кезінен бастап жүргізіледі.

"Тергеу бөлімшелерінің қысқартылған қылмыстық істер бойынша көрсеткіштері" 5-кестесі

52. Осы кесте қысқартылған қылмыстық істер жөніндегі мәліметтерді бейнелейді және 3 баған мен 74 жолдан тұрады.

53. 1 және 2-бағандар 1-кестенің бағандарына ұқсас қалыптастырылады. 3-баған 1-бағаннан шығады және өткен жылдары қысқартылған және олар бойынша ағымдағы есептік кезеңде қысқарту туралы шешім қабылданған қылмыстық істердің барлығы бейнеленеді.

54. 1-жолда аяқталғандардың ішінен қысқартылған қылмыстық істердің жалпы саны көрінеді, соның ішінен 2-жолда қайталап қысқартылғандарды қоспағандағы қылмыстық істер ерекшеленеді.

Егер өткен жылдары қылмыстық іс бір органмен қысқартылған болса, ал

ағымдағы есептік кезеңде ол басқа органмен қысқартылса, осы есептік кезеңде қысқартқан органның есебінде деп саналуы керек.

55. 1-жолдан алынған 3-15-жолдарда қысқарту негіздерінің түрлері бойынша қысқарту туралы қайта қабылданған іс жүргізу шешімдерін бейнелену арқылы бөлінуі көрсетіледі. 16-жолда 17-29-жолдарда бейнеленетін қысқарту негіздерінің түрлері бойынша бөлінген тергеу барысындағы прокурормен қысқартылған қылмыстық істердің саны ерекшеленеді. 30-жолда айыптау қорытындысымен немесе ҚР ҚІЖК 514-бабының тәртібінде келіп түскеннен кейін прокурормен қысқартылған қылмыстық істер көрсетіледі, олар қысқарту негіздері бойынша бөлініп жазылады (31-43-жолдар); 44-жолда негізгілерге біріктірілген істердің саны бейнеленеді.

30-жолда бейнеленген мәліметтер 16-жолда ескерілмейді.

56. 45-жолда ақтайтын негіздер бойынша, соның ішінен 46-жолда басқа ведомстволармен қозғалған істер бойынша қысқартылған істер (қызметке байланыссыз, яғни есепке, басқа қызметпен емес, тек қана басқа ведомствомен қозғалған істер алынады) бейнеленеді.

57. 47-жолда қылмыстық істі қысқарту туралы прокурормен күші жойылған, соның ішінде 48-жолда тергеу органының өзінің өтініші бойынша, 49-жолда қайталап күші жойылған қаулылардың саны көрсетіледі (егер өткен жылдары прокурормен бір органға қылмыстық істі қысқарту туралы қаулының күші жойылған болса, ағымдағы есептік кезеңде басқа органға күші жойылған болса, прокуратурамен ағымдағы есептік кезеңде күші жойылған органның есебінде деп саналуы керек). 50-62-жолдарда 47-жолдан қалыптастырылатын қысқарту негіздерінің түрлері бойынша бөлу арқылы қылмыстық істер бейнеленеді.

58. 63-69-жолдарда тоқтату, қысқарту, соның ішінде ақтайтын негіздер бойынша, ҚР ҚІЖК 280-бабының тәртібінде прокурорға жіберу, ҚР ҚІЖК 284 және 514-баптарының тәртібінде прокурормен сотқа жіберу, басқа қылмыстық істермен біріктіру, тергеуге алынғандығына қарай жіберу туралы қабылданған іс жүргізу шешімдері көрсетіледі. Есепке алу есепті қалыптастыру кезіндегі қабылданған соңғы шешімдер бойынша жүргізіледі.

59. 70-жолда 71-74-жолдарда бөлу арқылы қысқарту туралы қаулыларының күші жойылған және олар бойынша тергеу мерзімдері өтіп кеткен қылмыстық істердің саны ескеріледі.

"Тергеу бөлімшелерінің бұлтартпау шараларын таңдау бойынша көрсеткіштері" 6-кестесі

60. Көрсетілген кесте өздеріне қатысты ҚР ҚІЖК сәйкес бұлтартпау шарасы таңдалған тергеушілермен ұсталған тұлғалар (соның ішінде кәмелетке

толмағандар) туралы мәліметтерді бейнелейді және 2 баған мен 39 жолдан
т ұ р а д ы .

61. 1-жолда өздеріне қатысты бұлтарпау шарасы таңдалған тұлғалардың саны : ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қолхат беру 2-жолда, жеке кепілдік 3-жолда, әскери қызметшіні әскери бөлікте іссапар бақылауына алуға беру 4-жолда, кәмелетке толмағанды қарауға беру 5-жолда, кепілге салу 6-жолда, үйде қамауда ұстау 7-жолда және қамауға алу 8-жолда көрсетіледі.

Аталған жолдардағы мәліметтер тұлғаға қатысты іс жүргізу бойынша мәжбүрлеу шарасы қолданылған-қолданылмағанына байланыссыз бейнеленеді (бір тұлғаға қатысты таңдалған барлық бұлтарпау шаралары, соның ішінде қ а й т а л а н ғ а н д а р ы ескеріледі.

Мысалы, қамауға алу таңдалған – содан соң бұзылған, тілхат таңдалып алынған – содан соң қамауға алуға өзгертілген, таңдап алынған бұлтарпау шарасы "тілхат" - 1 және "қамауға алу" - 2 деген жолдарда көрсетілуі керек).

62. 9-жолда ҚР ҚІЖК 132-бабының тәртібінде ұсталған тұлғалардың саны б е й н е л е н е д і .

63. 9-жолдан алынған 10-жолда қамауға алынған тұлғалардың саны ескеріледі (ҚР ҚІЖК 150-б .), соның ішінде 11-жолда өткен есептік жылда ұсталғандар, 12-жолда босатылғандардың барлығы, соның ішінде 13-жолда өткен есептік жылы ұсталғандар, 14-жолда қылмыстың жасалғанына күдіктің расталмауына байланысты босатылған тұлғалардың саны, 15-жолда негіздің болмауына байланысты ұсталғанға қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану, 16-жолда ҚР ҚІЖК 134-б . талаптарын бұзу арқылы ұстауға байланысты, 17-жолда заңмен белгіленген ұстау мерзімінің өтіп кетуіне байланысты, 18-жолда прокурормен босатылған тұлғалардың жалпы саны, 19-жолда кейіннен іздестіру жарияланған тұлғалар, 20-жолда органдардың өзімен босатылғандар, 21-жолда кейіннен іздестіру жарияланған және 22-жолда ұсталғандарды ұстау орындарының бастықтарымен босатылған тұлғалар бейнеленеді.

64. 23-жолда (9-жолдан) прокурордың қамауға алу туралы өтінішхатты қолдаудан бас тартуының нәтижесінде босатылған, 24-жолда кейіннен іздестіру жарияланған тұлғалар ерекшеленеді. 25-жолда соттың қамауға алуды (қамауда ұстау) санкциялаудан бас тартуымен байланысты босатылған және 26-жолда кейіннен іздестіру жарияланған тұлғалар көрсетіледі.

65. 27-жолда қамауға алу (қамауда ұстау) түріндегі бұзылған және өзгертілген бұлтарпау шараларының жалпы саны бейнеленеді, соның ішінен 28-жолда қылмыстық қудалауды қысқартумен байланысты, 28-жолдан алынған 29-жолда ақтамайтын негіздер бойынша қысқартумен байланысты бұлтартпау шаралары бейнеленеді. 9-29-жолдарды қалыптастыру бастапқы қабылданған шешім б о й ы н ш а жү р г і з і л е д і .

66. 30-жолда өздеріне қатысты ҚР ҚІЖК 284-бабының тәртібінде сотқа жіберу туралы шешім қабылданған қамауда бар тұлғалардың саны ескеріледі, олар 31-34-жолдарда ұстау мерзімдеріне қарай бөлініп жазылады. Аталған жолдардың көрсеткіштерін есепке алу 2.0 нысанды АЕҚ бойынша жүргізіледі, онда сотқа жіберу туралы және тұлғаға қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы таңдап алынған шешім бейнеленеді, соның ішінде аталған тұлғаға қатысты соңғы шешім ескеріледі.

Ескерту: сот қылмыстық істі қосымша тергеуге қайтаратын болса, аталған жолдардан көрсеткіштер алынып тасталады.

67. 35-жолда аяқталмаған істер бойынша қамауға алынған тұлғалардың саны бейнеленеді, олар бұдан әрі қамауда болу мерзімдері бойынша 36-39-жолдарда бөлініп жазылады.

"Тергеу бөлімшелерінің қылмыстық істерді тергеу мерзімдері бойынша көрсеткіштері" 7-кестесі

68. Осы кесте қылмыстық істерді тергеу мерзімдері туралы мәліметтерді көрсетеді және 2 баған мен 20 жолдан тұрады (қайталап қабылданған шешімдермен қалыптастырылады).

69. 1 және 2-бағандар 1-кестенің бағандарына ұқсас қалыптастырылады.

70. 1-жолда ҚР ҚІЖК 196-бабының 1-бөлігімен белгіленгеннен артық мерзімдерде аяқталған қылмыстық істер бойынша, солардың ішінен 2-жолда ҚР ҚІЖК 196-бабының 4-бөлігімен көзделген тәртіпте тергеу мерзімдерін ұзарту арқылы, 3-жолда ҚР ҚІЖК 196-бабының 7-бөлігінің тәртібінде қосымша тергеу жүргізу үшін істі қайтарумен байланысты, 4-жолда іс бойынша өндірісті қайта жаңартумен байланысты, соның ішінде 4-жолдан алынған 5-жолда ҚР ҚІЖК 50-бабы 1-бөлігінің 1-тармағынан және 6-жолда ҚР ҚІЖК 50-бабы 1-бөлігінің 2-тармағынан алынған мәліметтер бейнеленеді.

71. Тергеу мерзімдері бойынша 7-12-жолдарда бөліп жазу арқылы аяқтаған қылмыстық істер көрсетіледі. 13-жолда аяқталмаған істердің қалдығы, оларды тергеу мерзімдеріне қарай 14-20-жолдарда бөліп жазу арқылы бейнеленеді.

Қылмыстық істердің тергеу мерзімдерін есептеу кезінде істің өндірісте болған мерзімі ғана енгізіледі.

"Тергеу бөлімшелерінің қылмыстық істерді тергеу кезінде азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау туралы көрсеткіштері" 8-кестесі

72. Осы кесте азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуы және оларды қорғау туралы мәліметтерді бейнелейді және 3 баған мен 21 жолдан тұрады.

73. 1 және 2-бағандар 1-кестенің бағандарына ұқсас қалыптастырылады. 1-бағаннан алынған 3-бағанда өздеріне қатысты әр жол бойынша өткен жылдары іс жүргізу шешімдері қабылданған тұлғалардың саны көрсетіледі.

Мысалы: тұлғаға айып тағылған немесе ол өткен жылы ҚР ҚІЖК 142-бабының тәртібінде қамауда болған, ал осы тұлғаға қатысты қылмыстық іс немесе қылмыстық қудалау ағымдағы есептік кезеңде ақтайтын негіздер бойынша қысқартылған.

74. 1-жолда айып тағылғаннан кейін және егер тұлғалар ҚР ҚІЖК 142-бабының тәртібінде қамауда болған болса, өздеріне қатысты қылмыстық істері немесе қылмыстық қудалауы ақтайтын негіздер бойынша қысқартылған (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлігінің 1, 2, 5, 7, 8-тармақтары), 1-жолдан алынған 2-жолда тергеу барысында, 3-жолда қылмыстық істері немесе қылмыстық қудалауы сотпен қысқартылған тұлғалардың жалпы саны бейнеленеді. 4-жолда есептік кезеңде айып тағылған, 5-жолда айып басқа ведомствомен тағылған тұлғалардың саны көрсетіледі.

75. 6-жолда ақталған тұлғалардың саны ескеріледі.

Ескерту: 7 және 13-жолдарда бейнеленген көрсеткіштер 1 және 6-жолдарда ескерілмейді.

76. 7-жолда өздеріне қатысты қылмыстық қудалауы ақтайтын негіздер бойынша қысқартылған немесе ҚР ҚІЖК 132-бабының тәртібінде ұсталғандардың ішінен есептік кезеңде ақтау үкімдері шығарылған тұлғалардың саны бейнеленеді. 7-жолдан алынған 8-жолда тергеу барысында, 9-жолда сотпен қысқартылған (заң күшіне енген), 10-жолда сотпен ақталған (заң күшіне енген), 11-жолда есептік кезеңде ұсталған, 12-жолда басқа ведомствомен ұсталынған көрсеткіштер ерекшеленеді.

77. 13-жолда өздеріне қатысты қылмыстық қудалауы ақтайтын негіздер бойынша қысқартылған немесе қамауға алынғандардың ішінен есептік кезеңде ақтау үкімдері шығарылған тұлғалардың саны бейнеленеді. 13-жолдан алынған 14-жолда тергеу барысында, 15-жолда сотпен қысқартылған (заң күшіне енген), 16-жолда сотпен ақталған (заң күшіне енген), 17-жолда есептік кезеңде қамауға алынған, 12-жолда басқа ведомствомен ұсталынған көрсеткіштер ерекшеленеді.

78. 19-жолда айыпталушы ретінде айыпқа тарту және тұлғаға қатысты шешім қабылдау туралы прокурормен күші жойылған қаулылардың саны бейнеленеді. 19-жолдан алынған 20-жолда ҚР ҚІЖК 284-бабының тәртібінде немесе ҚР ҚІЖК 514-бабының тәртібінде тұлғаға қатысты сотқа жіберілген және 21-жолда ақтайтын негіздер бойынша қысқартылған істердің саны бейнеленген көрсеткіштер ерекшеленеді.

"Тергеу барысында қылмыстармен келтірілген залалдың өтелуін қамтамасыз ету" 9-кестесі

79. Кестенің сипаттамасы мемлекетке, заңды және жеке тұлғаларға келтірілген және өтелген залал туралы мәліметтерді қамтиды, 3 баған мен 7 жолдан тұрады. Өтеу мөлшері туралы деректер мың теңгелік көлемдерде ескеріледі.

80. 1-жолда жасалғаны үшін айып тағылған (айыптау қорытындысы бойынша, айыптау хаттамасы бойынша) залалдың мөлшері (мың теңгеліктер түрінде) бейнеленеді. 2-жолда алдын-ала тергеу барысында өтелген залал, 3-жолда кімнің пайдасына алып қойылған ақша, құндылықтар, 4-жолда мүлікке тыйым салынған, 5-жолда тәркіленген мүлікке тыйым салынған, 6-жолда ақтамайтын негіздермен қысқартылған істер бойынша залал келтірілген және 7-жолда ақтамайтын негіздермен қысқартылған істер бойынша өтелген залал көрсеткіштері ескеріледі.

"Тергеу бөлімшелерінің кәмелетке толмағандардың істері бойынша көрсеткіштері" 10-кестесі

81. Осы кесте 2 бағаннан және 37 жолдан тұрып, кәмелетке толмаған тұлғаларға қатысты қозғалған қылмыстық істер бойынша өндірісте бар және қабылданған іс жүргізу шешімдері туралы мәліметтерді бейнелейді.

82. 1-жолда кәмелетке толмаған тұлғаларға қатысты қозғалған өндірісте бар қылмыстық істердің жалпы саны көрсетіледі.

83. 2-жолда қосымша тергеуге қайтарылған қылмыстық істердің саны ескеріледі, олар 3-жолда прокурормен және 4-жолда сотпен деп бөлініп көрсетіледі.

84. 5-жолда өндіріспен қайта жаңартылған, соның ішінде 6-жолда бұрын қысқартылғандардың ішінен және 7-жолда бұрын тоқтатылғандардың ішінен алынған қылмыстық істердің саны ескеріледі.

85. 8-жолда өндіріспен тоқтатылған істердің саны, олар бойынша 9 және 17-жолдарда тоқтату негіздерін бөліп жазу арқылы көрсетіледі.

86. 18-жолда бір өндіріске біріктірілген қылмыстық істердің саны ерекшеленеді.

87. Есептік кезеңде аяқталған қылмыстық істердің барлығы 21-жолда, соның ішінде біріктірілген істер 20-жолда бейнеленеді. ҚР ҚІЖК мерзімдерін бұзу арқылы аяқталған қылмыстық істердің саны 21-жолда көрінеді. 20-жолдан алынған 22-жолда ҚР ҚІЖК 280, 287-баптарының тәртібінде прокурорға жіберілген қылмыстық істер бейнеленеді. 24-жолда қысқартылған істерді, 25-37-

жолдарда олардың қысқартылу негіздерін бөліп жазу арқылы көрсеткіштерін бейнелеу қажет.

4.3. Есептің 11-20-кестелерінің құрылымы және оларды қалыптастыру

(анықтау органдарының жұмысы) "Анықтау бөлімшелерінің негізгі көрсеткіштері" 11-кестесі

88. Көрсетілген кесте қылмыстық істерді тергеу бойынша анықтау органдары жұмысының негізгі көрсеткіштерін бейнелейді және 2 баған мен 30 жолдан тұрады.

89. 1 және 2-бағандардың көрсеткіштері осы Нұсқаулықтың 16-тармағына сәйкес қалыптастырылады.

90. 1, 2, 3, 8-23 және 25-30-жолдарындағы көрсеткіштер тиісінше осы Нұсқаулықтың 17, 18 және 20-26-тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

91. 4-жолда тергеу органдарынан келіп түскен, соның ішінен 5-жолда белгіленген мерзімді бұзу арқылы келіп түскен қылмыстық істер көрсетіледі.

92. 6-жолда басқа анықтау органдарынан тергеуге алынғандығына қарай келіп түскен қылмыстық істер, солардың ішінен 7-жолда басқа анықтау органдарынан белгіленген тергеу мерзімдерін бұзу арқылы тергеуге алынғандығына қарай келіп түскен қылмыстық істер бейнеленеді.

93. 24-жолда ҚР ҚІЖК 280 , 287-баптарының тәртібінде аяқталғандардың ішінен прокурорға жіберілген қылмыстық істердің саны ерекшеленеді.

"Анықтау бөлімшелерінің қылмыстық істі қозғау сатысындағы көрсеткіштері" 12-кестесі

94. Осы кесте анықтау органдарының қылмыстық істі қозғау сатысындағы іс жүргізу әрекеттерін бейнелейді және 3 баған мен 38 жолдан тұрады. Осы Нұсқаулықтың 28-33-тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

"Анықтау бөлімшелерінің тоқтатылған қылмыстық істер бойынша көрсеткіштері" 13-кестесі

95. Осы кесте тоқтатылған қылмыстық істер бойынша мәліметтерді бейнелеп, 3 баған мен 52 жолдан тұрады. 1-32-жолдардың көрсеткіштері осы Нұсқаулықтың 39-тармағының 2-абзацын қоспағанда, 35-41-тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

96. 31-жолда тоқтату туралы қаулыларының күші жойылған және олар бойынша тергеу мерзімдері өтіп кеткен қылмыстық істердің саны көрсетіледі, олар мерзімдеріне қарай 32-34-жолдар бойынша бөлініп жазылады.

"Анықтау бөлімшелерінің ҚР ҚІЖК 280, 287 және 514-баптарының тәртібінде прокурорға жіберген қылмыстық істері бойынша көрсеткіштері" 14-кестесі

97. Осы кесте айыптау хаттамасымен, айыптау қорытындысымен немесе медициналық сипаттағы шараларды қолдану туралы қаулымен және олар бойынша прокурордың қабылдаған шешімдерімен прокурорға жіберілген қылмыстық істер бойынша анықтау органдарының мәліметтерін бейнелейді. 2 баған мен 29 жолдан тұрады және осы Нұсқаулықтың 43-51-тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

"Анықтау бөлімшелерінің қысқартылған қылмыстық істер бойынша көрсеткіштері" 15-кестесі

98. Кестені сипаттау қысқартылған қылмыстық істер жөніндегі мәліметтерді бейнелейді және 3 баған мен 73 жолдан тұрады, осы Нұсқаулықтың 53-59-тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

99. 30-жолда прокурорға айыптау хаттамасымен, айыптау қорытындысымен немесе ҚР ҚІЖК 514-бабының тәртібінде келіп түскен, онымен қысқартылған қылмыстық істер ерекшеленеді, олар қысқарту негіздерінің түрлері бойынша 31-43 - жолдарда бөлініп көрсетіледі.

100. 70-жолда қысқарту туралы қаулыларының күші жойылған және олар бойынша тергеу мерзімдері өтіп кеткен қылмыстық істердің саны көрсетіледі, олар мерзімдеріне қарай 71-73-жолдарда бөлініп жазылады.

"Анықтау бөлімшелерінің бұлтартпау шараларын таңдау бойынша көрсеткіштері" 16-кестесі

101. Көрсетілген кесте ҚР ҚІЖК сәйкес бұлтартпау шаралары таңдалған анықтау органдарымен ұсталған тұлғалар (соның ішінде кәмелетке толмағандар) туралы мәліметтерді бейнелейді және 2 баған мен 35 жолдан тұрады. Осы Нұсқаулықтың 61-67-тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

102. 30-жолда өздеріне қатысты ҚР ҚІЖК 284 , 289-баптарының тәртібінде сотқа жіберу туралы шешім қабылданған, қамауға алынған тұлғалардың саны бейнеленеді, олар 31, 32-жолдарда бөлініп жазылады.

30-35-жолдарды қалыптастыру соңғы шешім бойынша жүргізіледі.

103. 33-жолда ҚР ҚІЖК 280 , 289-баптарының тәртібінде прокурорға жіберілген істер бойынша қамауға алынған тұлғалардың саны бейнеленеді, олар қамауда болу мерзімдеріне қарай 34, 35-жолдарда бөліп жазылады.

«Анықтау бөлімшелерінің қылмыстық істерді тергеу мерзімдері бойынша көрсеткіштері» 17-кестесі

104. Осы кесте қылмыстық істерді тергеу мерзімдері туралы мәліметтерді бейнелейді және 2 баған мен 23 жолдан тұрады (қайта қабылданған шешімдермен қалыптастырылады).

105. 1-жолда ҚР ҚІЖК белгіленгеннен артық мерзімде аяқталған қылмыстық істер жөніндегі мәліметтер бейнеленеді, 2-жолда анықтау бойынша, 3-жолда анықтау істеріне қарай алдын ала тергеу бойынша (бұзылған мерзім - 30 күннен астам) мәліметтер көрсетіледі.

106. 1-жолдан алынған 4-жолда ҚР ҚІЖК 196-бабының 4-бөлігімен көзделген тәртіпте тергеу мерзімдерін ұзартумен, 5-жолда ҚР ҚІЖК 196-бабы 7-бөлігінің тәртібінде қосымша тергеу жүргізу үшін істі қайтарумен байланысты, 6-жолда іс бойынша өндірісті жаңартумен байланысты, соның ішінде 7-жолда ҚР ҚІЖК 50-бабы 1-бөлігінің 1-тармағынан, 8-жолда ҚР ҚІЖК 50-бабы 1-бөлігінің 2-тармағынан алынған мәліметтер ерекшеленеді.

107. Тергеу мерзімдері бойынша аяқталған қылмыстық істер 9-14-жолдарда б ө л і н і п ж а з ы л а д ы .

108.15-жолда 10 тәулікке дейінгі мерзімде аяқталған істер бейнеленеді.

109. 16-жолда аяқталмаған істердің қалдығы көрсетіледі, олар 17-23-жолдарда тергеу мерзімдеріне қарай бөлініп жазылады.

«Анықтау бөлімшелерінің қылмыстық істерді тергеу кезінде азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау туралы көрсеткіштері» 18-кестесі

110. Кестені сипаттау азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуы мен оларды қорғау туралы мәліметтерді бейнелейді және 3 баған мен 21 жолдан тұрады. Осы Нұсқаулықтың 73-78-тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

«Анықтау барысында қылмыстармен келтірілген залалдың өтелуін қамтамасыз ету» 19-кестесі

111. Осы кесте мемлекетке, заңды және жеке тұлғаларға келтірілген және өтелген залал туралы мәліметтерді қамтиды, 3 баған мен 7 жолдан тұрады. Өтеу

мөлшері туралы деректер қысқартусыз және мың теңгелік көлемдерде ескеріледі, осы Нұсқаулықтың 80-тармағына сәйкес қалыптастырылады.

«Анықтау бөлімшелерінің кәмелетке толмағандардың істері бойынша көрсеткіштері» 20-кестесі

112. Осы кесте 2 бағаннан және 37 жолдан тұрып, кәмелетке толмаған " тұлғаларға қатысты қозғалған қылмыстық істер бойынша өндірісте бар және қабылданған іс жүргізу шешімдері туралы мәліметтерді бейнелейді. Кесте осы Нұсқаулықтың 82-87-тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2009 жылғы 19 қаңтардағы
№ 3 бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының күші жойылған кейбір бұйрықтарының және бұйрықтарының кейбір тармақтарының тізбесі

1. "Алдын-ала тергеу және анықтау органдарының жұмысы туралы" № 1-Е нысанды статистикалық есепті және "Алдын-ала тергеу және анықтау органдарының жұмысы туралы" № 1-Е нысанды статистикалық есепті жүргізу тәртібі туралы" Нұсқаулықты бекіту және қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2001 жылғы 12 қыркүйектегі № 105 бұйрығы;

2. "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2002 жылғы 5 мамырдағы № 34 б ұ й р ы ғ ы н ы ң 24 - т а р м а ғ ы ;

3. "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының кейбір бұйрықтарына жеке қаулылардың, соттардың жеке ұйғарымдарының және тергеушілер мен анықтаушылардың ұсынымдарының есебін жүргізу бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2005 жылғы 29 шілдедегі № 40 бұйрығының 1-тармағы;

4. "Алдын-ала тергеу және анықтау органдарының жұмысы туралы" № 1-Е нысанды статистикалық есепті және оның құрылу тәртібі жөніндегі Нұсқаулықты бекіту және қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2001 жылғы 12 қыркүйектегі № 105 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2008 жылғы 28 тамыздағы № 48 бұйрығы.

